

АШЫҚ САБАҚ

**ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ:
КЕРЕЕВА МАДИНА ОНАЙБАЕВНА**

**Тақырыбы: Батыс Қазақстан
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ауданы**



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Батыс Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайымен таныстыру. Халықтың орналасуы мен тығыздығына сипаттама беру.

Дамытушылық: Ақыл-ойын, ой-өрісін дамыту.

Танымдық белсенділігін арттыру.

Тәрбиелік: Отансүйгіштікке тәрбиелеу.



Сабақтың барысы



1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Үй тапсырмасын сұрау (Венн диаграммасы)
3. Өткен сабақты бекіту (Сөзжұмбақ)
4. Жаңа сабақты түсіндіру
5. Кескін картамен жұмыс
6. Жаңа сабақты бекіту (Б.Б.Ү кесте толтыру)
7. Үйге тапсырма беру.



Қазақстан Республикасы



Орталық және Шығыс Қазақстан облыстарына
салыстырма сипаттама беру

Венн диаграммасы



Топтастыру стратегиясы

Ақтөбе
облысы

Атырау
облысы

Батыс
Қазақстан
экономикалық
ауданы

Маңғыстау
облысы

Батыс
Қазақстан
облысы

Экономикалық-географиялық жағдайы

Каспий маңы ойпатын, Жалпы сырт пен Орао тауларының оңтүстік бөлігін, Маңғыстау түбегін, Үстірт. Мұғалжар тауларын, Тұран ойпатының солтүстік батсын алып жатыр. Батыс Қазақстан республикамыздағы жер көлемі жөнінен бірінші орынды алатын экономикалық аудан.

Батыс Қазақстан – республика шаруашылығында ерекше орын алатын мұнай-газ өндіретін және өңдейтін, сонымен қатар хромит, никель, ферроқорытпа, минералды тыңатқыштар және мұнай өнеркәсібі үшін құрал-жабдық шығаратын аудан. Аудан экономикасында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы жақсы дамыған. Климаты шұғыл континентті, әрі құрғақ. Қысы суық, аумағының көпшілік бөлігін шөл және шөлейт алып жатыр. Тұщы су тапшы. Өсімдігі сирек.



Ақтөбе облысы



Ақтөбе қаласы



Ақтөбе облысы

Орталығы – Ақтөбе қаласы. Ақтөбе – Қазақстанның ірі индустриялы қаласы. Халқы – 695,5 мың адам. Облыста 1100 ірілі-ұсақты кәсіпорын бар. Қалада рентген аппаратураларын жасайтын зауыт жұмыс істейді. Мұнай жабдықтары мен ауылшаруашылық машиналарына, трактор мен автомобильдерге қосалқы бөлшектер шығару өндірісі жақсы дамыған. Рентген аппараты зауыты ТМД-да рентген аппараттарын шығаратын ең үлкен кәсіпорын.

Атырау облысы



Атырау облысы

Орталығы – Атырау қаласы. Республиканың оңтүстік батысында, Каспий теңізінің солтүстік шығысында орналасқан. Аумақтың жер қойнауы пайдалы қазбаларға бай. Халқы – 480,5 мың адам. Жетекшісі өндіріс салалары – балық және мұнай-химия өндірісі. Қалада мұнай өңдейтін зауыт, ірі балық консерві зауыты, кеме жөндеу, сүт зауыттары, ет, нан комбинаттары, электр стансасы бар. Облыс қой, жылқы, түйе өсіруге маманданған. Жайық өзенінің маңында егіншілік жақсы дамыған.

Маңғыстау облысы



Маңғыстау облысы

Орталығы – Ақтау қаласы. Халқы – 480,5 мың адам. Мұнай мен газ өндіретін ең ірі аудан. Негізгі орталықтары – Өзен, Жетібай. Балық өнеркәсібі жақсы дамыған. Қалада су тұщыландыратын қондырғы, атом электр стансасы, пластмасса, тіс пастасын шығаратын зауыт жұмыс істейді.

Қабыршақ тас өндіретін карьер, құрылыс кәсіпорындар бар. Аумақ жартылай шөлейтті шөл аймақта орналасқан. Бұл ауыл шаруашылығын өркендетуді қиындатады.

Батыс Қазақстан облысы



Батыс Қазақстан облысы

Орталығы – Орал қаласы. Халқы – 612,5 мың адам. Ірі өнеркәсіп орындары- Орал арматура зауыты, Орал механика зауыты, металл бұйымдарын жасау зауыты және ірі машина жасау зауыттары. Оралдың былғары зауыты мен пима фабрикасы- республикадағы аса ірі кәсіпорындар.



Қалада ет-консерві, ұн тарту, жарма комбинаты, мия зауыты, фармацевтика және химия өнеркәсіптері бар.

Халқы

Халқының жалпы саны – 2545044 адам, орташа орналасу тығыздығы 1 км-ге 2,9 адамнан келеді.

Бұл ауданда халықтың орналасу тығыздығы солтүстіктен оңтүстікке қарай кеми түседі. Соңғы жылдары Маңғыстау, Ембі, Орал халқының саны айтарлықтай артты. Мұнай мен газдың игерілуіне байланысты көптеген жаңа елді мекендер бой көтерді. Батыс Қазақстан халқының басым бөлігі – қазақтар. Басқа ұлт өкілдерінен украиндер, орыстар, татарлар, корейлер, азірбайжандар тұрады.

Кескін картамен жұмыс



Жаңа сабақты бекіту

Білемін

Білгім келеді

Үйрендім





Үйге тапсырма беру

**Батыс Қазақстан
тақырыбын оқу**

**Мұнай-газ өнеркәсібіне сипаттама
беру**

**“Солтүстік Каспий аймағында мұнай
игеруден туындап отырған проблемалар”
тақырыбына реферат жазып келу**



Назарларыңызға рахмет